

**РЕШЕНИЕ ЕДИНСТВЕННОГО АКЦИОНЕРА**  
**акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»**

г. Алматы

№ 12

26 марта 2020 года

**Об увеличении количества объявленных акций**  
**акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»**

В соответствии с подпунктом 3) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», подпунктом 4) пункта 44 Устава акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости» (далее – Общество), на основании постановления Правления Национального Банка Республики Казахстан от 19 марта 2020 года № 34 «О некоторых вопросах акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости» и постановления Правления Национального Банка Республики Казахстан от 19 марта 2020 года № 40 «О некоторых вопросах акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости» Единственный акционер, в лице заместителя Председателя Национального Банка Республики Казахстан Баймагамбетова А.М., действующего на основании приказа Председателя Национального Банка Республики Казахстан от 21 января 2020 года № 19 «О делегировании полномочий по правам акционера», **РЕШИЛ:**

1. Увеличить количество объявленных акций Общества на 62 709 552 (шестьдесят два миллиона семьсот девять тысяч пятьсот пятьдесят два) штук простых акций.

В результате увеличения объявленных акций Общества общее количество простых акций Общества составит 377 797 218 (триста семьдесят семь миллионов семьсот девяносто семь тысяч двести восемнадцать) штук.

2. Председателю Правления Общества Оспанову Е.С. в установленном законодательством Республики Казахстан порядке осуществить мероприятия, связанные с государственной регистрацией изменения в проспект выпуска объявленных акций и их размещением в пределах объявленного количества акций.

3. Настоящее решение вступает в силу со дня его подписания.

**Заместитель Председателя  
Национального Банка  
Республики Казахстан**



**А. Баймагамбетов**

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы  
ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ШЕШІМІ**

Алматы қ.

2020 жылғы 26 наурыз

№ 12

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысы 44-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 34 қаулысының және «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 40 қаулысының негізінде, «Акционердің құқықтары бойынша өкілеттіктерді беру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2020 жылғы 21 қаңтардағы № 19 бұйрығының негізінде іс-қимыл жасайтын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетов арқылы Жалғыз акционер, **ШЕШТІ:**

1. Қоғамның жарияланған акцияларының саны 62 709 552 (алпыс екі миллион жеті жүз тоғыз мың бес жүз елу екі) дана жай акцияларға ұлғайтылсын.

Қоғамның жарияланған акцияларын ұлғайту нәтижесінде Қоғамның жай акцияларының жалпы саны 377 797 218 (үш жүз жетпіс жеті миллион жеті жүз тоқсан жеті мың екі жүз он сегіз) дана болады.

2. Қоғам Басқармасының Төрағасы Е.С. Оспанов Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарияланған акциялардың шығарылым проспектісіне өзгерісті мемлекеттік тіркеуге және оларды жарияланған акциялар санының шегінде орналастыруға байланысты іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Төрағасының  
орынбасары**



**А. Баймағамбетов**